

Мадиев Д.А., Шәріпқазы Н.

Қытайдың жаңа әдебиеті

Бұл мақалада Қытайдың жаңа әдебиеті қалыптасқан ХХ ғасырдағы әдебиет саласында орын алған үлкен өзгерістер айтылады. Поэзия, проза және драматургия саласындағы өзгерістерге жеке-жеке тоқталып, белгілі ақын-жазушылардың шығармашылығына сараптама жасалады. Қытайдың жаңа тарихында маңызды роль атқаратын «4 мамыр қозғалысының» ықпалымен әдебиетке келіп, реалистік бағыттағы шығармаларды насихаттаған аға буын өкілдері Лу Синь, Го Можо, Мао Дунь, кейінгі буыннан Ван Мэн, Мо Янь секілді жазушылардың жаңа әдебиеттің қалыптасуына қосқан үлестері айтылады.

Түйін сөздер: публицистика, әдеби революция, реализм, шығармашылық.

Madiyev D.A., SHarypqaзы N.

New literature of China

In the article examined large changes in the field of literature of China XX centuries, in the period of becoming of New literature of China. Separately studied development of literary genres as poetry, prose, dramaturgy, work of well-known poets and writers of that time is analysed. A contribution is examined to becoming of new literature of such writers of contemporaneity as Lu Xun, Guo Moruo, Mao Dun, and also writers of late generation to Wan Meng, Mo Yan, that came in literature under influence of "Motion of 4 Mays", and began to propagandize works of realistic direction.

Key words: publicism, literary revolution, realism, work.

Мадиев Д.А., Шәріпқазы Н.

Новая литература Китая

В статье рассматриваются изменения в области литературы Китая ХХ века, в период становления Новой литературы Китая. Отдельно изучается развитие литературных жанров, как поэзия, проза, драматургия, анализируется творчество известных поэтов и писателей того времени. Рассматривается вклад в становление новой литературы таких писателей современности, как Лу Синь, Го Можо, Мао Дунь, а также писателей позднего поколения Ван Мэн, Мо Янь, которые пришли в литературу под влиянием «Движения 4 мая» и стали пропагандировать произведения реалистического направления.

Ключевые слова: публицистика, литературная революция, реализм, творчество.

ҚЫТАЙДЫҢ ЖАҢА ӘДЕБИЕТІ

Цин патшалығы билігінің соңғы кезеңіне қарай, қытай қоғамы өзінің өткенімен, мәдениетімен мақтанарлықтай болмады. Оған себеп – маньчжур билігіндегі елдің саяси-экономикалық дағдарыста болуы еді. Осындай жағдайда, билікті сынап-мінейтін сатиралық туындылардың көптеп жазылуы орынды болды. Сол кезеңдегі белгілі сатиралық шығарма ретінде 1907 жылы жарық көрген Лю Э қаламынан шыққан «Лао Цаннің саяхаты» романын атап өтуге болады. Сонымен қатар, қытай прозасының тілі барынша ауызекі тілге жақындай түсті, диалект тілдердегі шығармалар, шетелдегі өмірді бейнелейтін романдар пайда болды, мысалы, қытайдың Лондондағы елшісі мен оның тоқалы туралы жазылған Не Хайхуаның «Зұлым өмірдегі гүл» романы.

Жаңа леп, әсіресе публицистика саласына жылдам ене бастады. XX ғасырдың алғашқы жылдары революциялық сарындағы мақалалар жиі жазылды, оларда жаңа саяси және философиялық ой айтылды және көптеген жаңаша түсініктер айналымға енді. Лян Цичаодың жанды, әрі жарқын тілде жазылған, жаңа лексикалық бірліктерге толы мақалалары ерекше ықпалға ие болды. Жаңашылдық поэзия саласында да орын алды. Ақындардың жас толқыны поэзиялық шығармашылықты ауызекі тілмен және фольклормен жақындастыруға тырысты. Гуандуннан шыққан ақын Хуан Цзуньсянь (1848–1905) өз өлеңдерінде халықтық сарынды, туған жердің мақамдарын пайдаланған. «Мен қалай сөйлесем, солай жазамын. Көне дәуірден қалған өлең жазу тәртібі мені соқыр ете алмайды» деген Хуан Цзуньсянь.

«4 мамыр қозғалысынан» кейін жаңа әдебиетке қарай шешімді бетбұрыс жасалды. 1915 жылдың өзінде-ақ, Қытай коммунистік партиясының негізін қалаушы, ғалым әрі әдебиетші Чэнь Дусю (1880–1942) «Жаңа Жастар» әдеби журналын шығара бастаған болатын. 1917 жылы белгілі публицист, ғалым Ху Ши (1891–1962) осы журналдың бетінде ескі тілдің шарттарынан бас тартып, тек ауызекі тілде жазуға шақырады. Чэнь Дусю Ху Шиге «Әдеби революция жөнінде» мақаласында жауап береді, мақалада «бұқараға бағытталған жаңа әдебиетті» құру туралы ұсыныс айтады. Чэнь Дусюдің тұжырымы бойынша, қытай әдебиеті әлі де романтизм мен

таптық деңгейде және оның реализмге өтуі қажет [1,152].

Қысқа уақыттың ішінде «Жаңа Жастар» журналы студенттер арасында үлкен танымалдылыққа ие болды. Реализм жаңа әдеби қозғалыстың ұраны ғана емес, сонымен қатар, оның ішкі қайшылықтарының себебі болды. Жаңа әдеби идеал әдебиетшінің өзіндік шығармашылығын мойындағанымен, шығармашылық тұлғаның өмірді өзгерте алмайтындығын айқындайды. Уақыт өте келе, әдебиеттегі реализмнің өз бетінше «Қытайды құтқара» алмайтынын түсінген жазушылардың жаңа буынын, бұқарамен байланыс орнатуға мүмкіндік беретін «революциялық әрекет» еліктіре түседі. 1918 жылы «Жаңа Жастар» журналында жарық көрген қытайдың XX ғасырдағы атақты жазушысы Лу Синнің «Есуастың күнделігі» шығармасында алғашқы рет жаңа реалистік бағытқа қатысты ерекшеліктер айқын көрінеді. Бірнеше жылдан кейін, Лу Синь «А Кьюдің шынайы оқиғасы» повесін жариялайды, бұл Қытайдың жаңа әдебиетіндегі ең жарқын шығарма болды. Повестьтің басты кейіпкері А Кью өте кедей адам еді, оны ауылдастары да жақтыра қоймайтын. Айналасындағылардың кемсітушілігін жеке басының жеңісі деп түсінді. Тіпті А Кьюді өлім жазасына кесіп, жаза орнына алып келе жатқанда да, өзін қасапшылардан жоғары тұрмын деп сендіреді. Бұл шығарма арқылы Лу Синь елді қиыншылыққа ұшыратқан көне Қытайдың элитасын сынға алып, күлкіге айналдырды. Лу Синь шығармаларының ерекше танымалдылығын, өмірді реалистік тұрғыдан бейнелеуінен деп түсінуге болады. Жазушының өз айтуынша, ол «оқиғаларды наукас қоғамның бақытсыз адамдарының өмірінен» алады.

Сондай-ақ, ол жылдары жас интеллигенттердің ішкі жан дүниесін бейнелейтін психологиялық реализм тұрғысындағы шығармалар да аз жазылған жоқ. Мұндай шығармалар көбіне саяхатшының жолжазбалары жанрында, немесе баяндау прозасы түрінде жазылған. Осылайша, XX ғасырдың 20-шы жылдары табиғат пен туған өлкесі Хунань провинциясының тұрмыс-тіршілігі туралы жазған Шэнь Цунвэньнің әңгімелері мен очерктері үлкен жетістікке жетті. Шығармаларында Шэнь Цунвэнь туған өлкесінің пейзажын суреттеу арқылы өткенге сағыныш сезімін білдіреді.

«4 мамыр қозғалысынан» кейін «Жаңа Жастар» журналының әдеби бағытына еліктейтін бірқатар талантты жазушылар мен ақындар пайда болды. 1921 жылы Чжоу Цзожэнь басшы-

лығымен 172 әдебиетші «Әдебиетті зерттеу қоғамын» құрды, қоғам «адами әдебиетті» насихаттауды өзінің мақсаты деп жариялады. Сол жылы Жапон елінен оралған бір топ студент, ішінде ақын Го Можо, драматург Тянь Хань бар, Шанхай қаласында «Шығармашылық» қоғамын құрды. Алғашқыда қоғам мүшелері шығармашылық бостандығы идеясы мен әдебиеттегі романтикалық сарынды қолдаса, 1925 жылдан кейін, «революциялық әдебиет» позициясына көшеді. Уақыт өте келе, Го Можо ҚКП белсенді мүшесіне айналады, 1949 жылдан кейін жаңадан құрылған ҚХР Ғылым Академиясын басқарады. «Әдебиетті зерттеу қоғамы» 20-шы жылдардың ортасына қарай екі топқа бөлініп кетеді, Лу Синь мен Чжоу Цзожэнь басқарған топ әдебиеттегі реализмді насихаттайды, ал екінші топ (Ху Ши, Вэнь Идо, т.б.) символизм талаптарына бағынады. Ол уақыттағы қытай әдебиетшілерінің көпшілігі, әдебиет ұлттық-демократиялық революцияға қызмет етуі керек деп есептейді. Бұл тенденция 1930 жылы Лу Синнің революциялық күштердің саяси акцияларына белсене қатысатын, коммунистерді жақтаушы Сол қанат жазушылар лигасын құруымен аяқталады. Ал Линь Ютань және Чжоу Цзожэнь секілді бірқатар жазушылар, әдебиет бірінші кезекте жазушының өз шығармашылығын жария етудің құралы деп есептеді [2,125].

30-шы жылдары проза саласында үлкен жетістіктер орын алды. 1928 жылы Мао Дунь «Түңілу» романын жариялайды, ол жаңа әдебиет рухында жазылған бірінші үлкен прозалық шығарма болды. Ол жазушының тағы екі автобиографиялық романдарымен бірге «Тұтылу» атты трилогиясын құрады. Жазушының 1932 жылы жарық көрген «Түн ортасы» романы осы заман қытай прозасының тарихындағы үлкен оқиға болды. Бұл романда сол кездегі Шанхай өмірінің психологиялық мінездемесі берілген. Шамамен осы уақытта, Қытайдың белгілі осы заман жазушысы Ба Цзинь өзінің шығармаларын жариялай бастады, оның басты шығармалары ретінде қытайдың жаңа буын интеллигенциясы туралы айтылатын екі трилогиясын атауға болады. Сонымен бірге, 30-шы жылдары жаңа Қытайдың тағы бір үлкен прозаигі Лао Шэ өзінің үздік шығармаларын жазды, оның туындылары қытай жазушылары арасында сирек кездесетін мейірімді әзілге толы болды. Ең танымал романы ретінде «Түйе Сян-цзы» романын атауға болады, шығарманың басты мақсаты — жалғыз-жарым ешқандай жақсылыққа жетуге болмайтынын түсіндіру. Сол кезеңдегі әйгілі жазушылар

қатарында Чжан Тяньи, Цянь Чжуншу, Сяо Чжуня, Дин Линді (XX ғасырдағы Қытайдың ең талантты әйел жазушысы) атауға болады. Цянь Чжуншу өз шығармаларында Қытайдағы дәстүрлі білімдар автор ретінде көрінуге талпынысы арқылы оқырманның көңілін өзіне аударды. Атап өту керек, Қытайдың осы заман прозасының дамуына орыстың дәстүрлі реалистік әдебиеті үлкен ықпал жасады.

Жаңа поэзияның жетістіктері біршама қарапайым болды. Ху Ши жаңа өлең формасын қалыптастыру жолында алғашқы болып талпыныс жасады, оның ізінше, сол кезеңдегі көптеген ақындар барынша әуезділік пен мағыналыққа жету үшін еркін көлемдегі өлеңдерін жаза бастады. Дегенмен, олардың шығармашылығының эксперименталдық мазмұны, поэтикалық дәстүрлердің сақталмауы, мұндай поэзияны кең көлемді оқырманға түсініксіз етті. Сол замандағы ақындар арасында Го Можо, Сю Чжимо және Вэнь Идо үлкен танымалдылыққа ие болды, олар өз шығармаларын Батыстың романтикалық және символикалық поэзиясы рухында жазған. Сол жылдары жарық көрген поэтикалық шығармалар арасында европалық ақындардан аударылған өлеңдер аз болған жоқ.

Қытайдың жаңа драматургиясы деп, заманауи драма театрларына арналып ауызекі тілде жазылған пьесаларды атауға болады. Жаңа драматургияның тарихы 20-шы жылдардан бастау алады, ол кезде драматургтер Тянь Хань мен Хун Шэнь күнделікті тұрмыс-тіршілікті бейнелейтін пьесаларын жаза бастайды. Ақын Го Можо сонымен бірге, бірқатар тарихи тақырыптағы пьесалардың авторы ретінде де белгілі. 30-шы жылдары Цао Юй күрделі әлеуметтік мәселені ашатын пьесалардың авторы ретінде үлкен жетістікке жетті. Жазушылар секілді, қытай драматургтері театрді революциялық үгіт құралы ретінде қолдануға ұмтылды [2,154].

Жапон елімен соғыс және одан кейін орын алған азамат соғысы әдебиетшілердің өз күшін шығармашылыққа емес, саяси мәселелерді шешуге жұмсауға мәжбүр етті, сондықтан, 40-шы жылдары Қытайда атап өтерліктей әдеби шығармалар жазылмады. Ал ҚКП-ның азамат соғысында жеңіске жетуі, әдебиетті «социализм құрылысының» нормалары мен мақсатына қызмет етуге мәжбүр етті. «4 мамыр қозғалысының» көптеген қайраткерлерінің әдеби мұрасы шектен тыс дарашылдығы мен күйректілігі себепті ресми айыптауға ұшырады, аға буын жазушылардың бірқатары, олардың ішінде Шэнь Цунвэнь, Тянь Хань, Ху Фэн, Дин Лин, Дэн То, Лао Шэ, Ба

Цзинь, тағы басқалары бар, жариялану мүмкіншілігінен айырылды, немесе репрессияға ұшырады. Шығармашыл интеллигенцияға, әсіресе «мәдени революция» ауыр соққы болды, «4 мамыр қозғалысы» тудырған әдебиет «бәле» деп жарияланды. Жаңа, әсіресе революциялық прозада көне Қытай әдебиетіне тән көптеген белгілер жанданды, дегенмен сюжеттегі даяр қалыпқа үйірлік пен мінездердің шарттылығы, стиль даралығынан бас тарту, оқырманның көңілін табуға тырысу, орнаған тәртіптің мызғымастығына сену «4 мамыр қозғалысының» әдеби принциптеріне кереғар болды [3,232].

«Мәдени революцияның» аяқталуы 20-30-шы жылдардың стиліндегі әлеуметтік бағыттағы реалистік әдебиеттің дамуына жаңаша үлкен серпіліс берді. 70-ші жылдардың аяғынан бастап, өткен онжылдықтардың трагедиясын ой елегінен өткізетін бірқатар жарқын шығармалар пайда болды. Ван Мэн, Чжан Сяньлян, Фэн Цицайдың Мао диктатурасы кезінде қатал қуғынға ұшыраған интеллигенттердің психологиялық портреттері суреттелген шығармалары ерекше танымалдылыққа ие болды. Мао кезеңінен кейінгі «әшкерелеу» әдебиетінің толқыны (Қытайда оны «жапа шеккендер әдебиеті» деп атайды) біршама бәсеңдеген кезде, прозада бірнеше бағыт пайда болды. Шамасы, әдебиетте «тарихи тамырды іздеу» бағытын таңдаған жазушылардың шығармашылығы барынша қызығушылық тудырды. Олардың ішінде, мысалы Фэн Цицай халықтық дәстүрге негізделген тарихи повестерді жазуға көшті, ал Мо Янь немесе Хань Шаогун секілді жазушылар, Лу Синь немесе Шэнь Цунвэнь сияқты қытай қоғамының рухани азғандығын бейнелейтін келеңсіз көріністі жазды. Бірқатар жазушылар қытайдың дәстүрлі шығармашылығында оқтын-оқтын кездесіп тұратын, қиялдағы кереметке және сән қыңырлығына толы қала өмірі жайындағы экзотикалық тақырыпқа да қалам тарта бастады. Кейбір әдебиетшілер Қытай тарихында алғаш рет, өз шығармашылығына батыс психоанализінің проблемасын енгізеді. Негізінен стиль мәселесімен айналысатын жазушылар да болды. Қытай әйелдерінің өмірі туралы жазатын, «4 мамыр қозғалысының» дәстүрін жалғастырушы беделді әйел жазушылар тобы қалыптасты. Дегенмен, Қытай дамуының осы заман кезеңі, ағымдағы жазушылар шығармашылығында жеткілікті көрініс таппаған, тіпті барынша ой елегінен өтпеген. Сондай-ақ, қытай әдеби тілінің қалыптасуы толық аяқталды деп айтуға да әлі ерте еді.

Әдебиеттер

- 1 Духовная культура Китая: энциклопедия: в 5 т /гл.ред. М.Л. Титаренко; Ин. Дальнего Востока. – М.: Восточная литература, 2006.
- 2 Эйдлин Л.З., Сорокин В. Китайская литература. – М.: Художественная литература, 1962.
- 3 Федоренко Н.Т. Китайская литература. – М.: Наука, 1956.

References

- 1 Duhovnaja kul'tura Kitaja: jenciklopedija: v 5 t /gl.red. M.L. Titarenko; In. Dal'nego Vostoka. – М.: Vostochnaja literatura, 2006.
- 2 Jajdlin L.Z., Sorokin V. Kitajskaja literatura. – М.: Hudozhestvennaja literatura, 1962.
- 3 Fedorenko N.T. Kitajskaja literatura. – М.: Nauka, 1956.